

«БЕКІТЕМІН»
«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАК
Омбы қаласындағы
филиалының директоры
Нурдинова Ж.Т.
«10» маусым 2025 г.

**Бакалавриаттың білім беру бағдарламаларына
ақылы негізде шетелдік азаматтар үшін
«Халықаралық қатынастар» факультетіне
қабылдау емтиханының бағдарламасы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Омбы қаласының филиалы**

1. Жалпы ережелер

1.1 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандығы №600 бүйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің, білім беру бағдарламаларын іске асыратын, білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары» (бұдан әрі – Типтік ережелері) бағдарламасы бойынша сәйкес жасалған.

1.2. Тұсу емтихандары келесі білім беру бағдарламасы бойынша сұхбаттасу форматында өткізіледі:

40.03.01 – Құқықтану

6B04201 – Халықаралық құқық

1.3. Шетелдік үміткерлердің қабылдау емтихандарын ұйымдастыру және өткізу мақсатында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының шешімімен емтихан комиссиясы құрылады.

Комиссия құрамына халықаралық ынтымақтастық және рекрутинг департаментінің қызметкерлері (бұдан әрі- ХЫРД) мен ҚазҰУ профессор-окытушылар құрамы кіреді.

1.4. Егер шетелдік үміткер жоғарыда аталған талаптарға сәйкес келсе де, университетке келіп, сұхбаттан өте алмаса, ол онлайн форматта өту мүмкіндігіне ие.

1.5. Шетелдік үміткерлерге арналған қабылдау емтихандары ауызша (сұхбат түрінде) өткізіледі және 100 баллдық жүйемен бағаланады. Ақылы негізде оқуға қабылдау үшін кемінде 65 балл жинау қажет.

1.6. Қабылдау емтиханының қорытындысы бойынша бекітілген үлгіде сұхбат хаттамасы толтырылады. Хаттамаға «Salem office» жүйесі арқылы төраға және комиссияның барлық мүшелері қол қояды және ХЫРД-ға беріледі.

1.7. Қабылдау туралы шешім шетелдік үміткерлердің қабылдау конкурстық комиссиясында қаралады және «Salem office» жүйесі арқылы хаттамаға тіркеледі. Қабылдау емтиханының нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

1.8. Қабылдау емтиханын қайта тапсыруға рұқсат жоқ.

1.9. Сұхбат нәтижесіне қатысты апелляция емтихан өткеннен кейін 24 сағат ішінде қаралады.

2. 2025 жылы қабылдау емтиханын өткізу

2.1 Сұхбаттасу орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Ауызша сұхбаттасу сонымен қатар окуга қабілеттілікті, шығармашылық белсенділік пен сынни ойлауды, талапкердің жеке қасиеттерін ашуға бағытталған мәселелерді қамтиды.

Сұрақтарға арналған тақырыптар:

1. Басқару нысандары
2. Саяси режимдер
3. Біріккен Ұлттар Ұйымы
4. Дипломатиялық қатынастар
5. Халықаралық ұйымдар құқығы

Емтихан сұрақтары

Сұрақтардың бірінші деңгейі:

1. Феодализм қоғамдық құрылыштың бір түрі ретінде
2. Капитализм және оның негізгі белгілері
3. Коммунизм идеология және әлеуметтік құрылым ретінде
4. Біріккен Ұлттар Ұйымы: мақсаттары, құрылымы және маңызы
5. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі КСРО-ның халықаралық мойындалуы.

Сұрақтардың екінші деңгейі:

1. Ресей Біріккен Ұлттар Ұйымының негізін қалаушы мемлекет ретінде
2. Қырги қабақ соғыс жылдарындағы КСРО мен АҚШ арасындағы текетірес
3. 1980 жылдардың аяғындағы КСРО-дағы демократиялық реформалар
4. Қазіргі халықаралық құқықтың қалыптасуындағы БҰҰ-ның рөлі
5. КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстан мен Ресей арасындағы дипломатиялық қатынастардың дамуы.

Сұрақтардың үшінші деңгейі:

1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (ТМД) халықаралық құқықтық мәртебесі
2. Халықаралық құқық субъектілерінің түсінігі мен түрлері
3. Ұлы Отан соғысындағы КСРО-ның жеңісіне Қазақстанның қосқан үлесі
4. БҰҰ-ның құрылуындағы КСРО-ның рөлі
5. Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ҰҚШҰ) және оның халықаралық қауіпсіздіктерінің рөлі

Дайындыққа ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Марченко М.Н., Дерябина Е.М. Основы права. Учебник. – Москва: Проспект, 2019. – 579 с.
2. А. С. Ибраева, С. К. Есетова, Г. Т. Ищенова, С. Б. Гончаров. Основы права. Учебник для 10 кл. естеств.-матем. Направления общеобразоват. шк. Алматы: Мектеп, 2019. – 296 с.
3. А. С. Ибраева, С. Б. Гончаров. Основы права. Учебник для 9 кл. общеобразоват. Шк. Алматы: Мектеп, 2019. – 160 с.
4. Е. Г. Шаблова, О. В. Жевняк, Т. П. Шишулина. Правоведение: учеб. Пособие. – Екатеринбург: Урал, 2016. — 192 с.
5. С. Ж. Айдарбаев, В. М. Шумилов Международное публичное право – Алматы : Казак университеті, 2012. - 432 с.

3. Шетелдік азаматтар үшін ақылы негізде бакалавриатқа қабылдау емтиханының бағалау шкаласы мен критерийлері.

Балдар саны	Сәйкестік критерийлері
86-100 балл "Өте жақсы"	Қабылдау сынағында шыгарылған барлық құзыреттер игерілді. З теориялық сұраққа толық толық жауап берілді: - ғылыми терминология дұрыс пайдаланылды; - негіздеу үшін қажетті барлық белгілер, элементтер, негіздер, жіктемелер дұрыс аталды және анықталды; - қарастырылып отырған мәселе бойынша ғылыми әдебиеттерде қабылданған негізгі көзқарастар көрсетілді; - өз ұстанымы немесе көзқарасы дәлелденген, осы саладағы ең маңыздылары көрсетілген ғылыми-зерттеу мәселелері. Практикалық міндет барлық қажетті түсіндірмелермен дұрыс шешілді.
79-85 балл "Жақсы"	Қабылдау сынағында шыгарылған барлық құзыреттер игерілді. З теориялық сұраққа дұрыс жауап берілді, дайындықта елеусіз кемшіліктер анықталды: - ғылыми терминология қолданылады; - негіздеу үшін қажетті барлық белгілер, элементтер, жіктемелер аталды, бірақ сонымен бірге анықтамаларда, ұғымдарда қате немесе дәлсіздік жіберілді; - дәлелдеуде кемшіліктер бар, маңызды емес нақты немесе терминологиялық дәлсіздіктер жіберілді;- осы саладағы ықтимал ғылыми-зерттеу мәселелері туралы түсінік берілді. Практикалық міндет ішінара қажетті түсініктемелерді толық ұсынбай шешілді.
65-78 балл "қанағаттанарлық"	Қабылдау сынағында шыгарылған барлық құзыреттер игерілді. З теориялық сұраққа дұрыс жауап берілді, дайындықта елеулі кемшіліктер анықталды:- қарастырылып отырған құбылыстың кейбір негіздері, белгілері, сипаттамалары ғана аталды және анықталды,- Елеулі терминологиялық дәлсіздіктерге жол берілді;- өзіндік көзқарас ұсынылмаған;-осы саладағы ықтимал ғылыми-зерттеу мәселелері туралы түсінік берілмеген. Практикалық міндет шешілмеген.
0-64 балл "қанағаттанарлықсыз"	Қабылдау сынағында шыгарылған барлық құзыреттер игерілген жоқ. З теориялық сұраққа кате жауаптар берілді, дайындықта елеулі кемшіліктер анықталды; практикалық міндет шешілмеді.